

6D020500 «Филология» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін орындалған Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Аксуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациясына

ШІКІР

Тіліміздегі микротопонимдер белгілі бір шагын аймактың топожүйесін құрайды. Микротопонимдер шартты түрде азгана адамдарға мәлім, уәжділігі жергілікті тұрғындарға ғана белгілі және ұсак нысан атауы ретінде көрініс береді. Дегенмен, микротопонимдер жекелеген топонимдерге караганда көбірек зерттеулерді қажет ететіндікten өзекті деп танылып отырғандығын багамдауга болады. Аймактың топонимиялық жүйесі, микротопонимдер сол аймактың ондаған ғасырлар бойы қалыптаскан табиғат жағдайларын, сол өнірді мекендеген халықтың ежелгі және жаңа тарихын бойына сінірген, әрі сактап келген, ұлттың рухани және материалдық мәдениетінен көрініс беретін жалғы есімдер кешені болып саналады. Сол себепті де жекелеген топонимдерге караганда көбірек зерттеулерді қажет етеді.

Осындаған зерттеу нысанына Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Аксуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациялық жұмысы алынып отыр. Белгілі бір аймақтагы микротопонимдер адамдарын ұзак уақыт тұркстануы негізінде қалыптаскан нысан атаулары ретінде өзіндік құрылымдық және семантикалық ерекшеліктерге ие болатыны белгілі. Мұндай ерекшеліктерді тану лингвистика топожүйесінің теориялық және тәжірибелік сипатындағы маңызы мен қажеттілігін танытады. Осы тұрғыдан диссертациялық жұмыстың өзектілігі көрінеді.

Зерттеу жұмысы үлкен екі тараудан тұрады. Жұмыстың бірінші тарауы «Микротопонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері» (Аксуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) деп аталады. Тараушаларда микротопонимдік жүйенін зерттелу барысы және кластар бойынша жіктелімі, ғалам (дүние) бейнесі және микротопонимдер, микротопонимдердегі «адам», «коғам», «табиғат» концептілері мен микротопонимдердің зерттелу барысы мен лингвомәдени, концептілік аясы карастырылған.

Екінші тарау «Микротопонимдердің тарихи-лингвистикалық сипаты» (Аксуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары бойынша) деп аталып. Оnda микротопонимдерді қалыптастырудың тарихи-этимологиялық ерекшеліктер, микротопонимдердің тіркесімділік қасиеттері, зерттеу нысаны ретінде алынған әр аудан микротопонимдерінің топонимжасамдық ерекшеліктері талданып, нақты мысалдармен берілген.

Мамышева Мөлдір Ерланқызының диссертациялық жұмысты жазу барысында сипаттама, құрылымдық, салыстырмалы-тарихи, тарихи-әдеби және концептуалды зерттеу әдістерін колдана отырып терен, нақты талдаулар жасай алуы тек құнтарлық тұстары

Зерттеу жұмысының ғұнғыш рет нысан ретінде алынып отырған аймак топонимикалық жүйесіндегі микротопонимдерді лингвомәдени тұрғыдан карастыруы басты жанашылдығын көрсетеді. Диссертациялық жұмыстардан алынған нәтижелер теориялық әрі практикалық тұрғыдан ірі зерттеу жұмыстарын жасауга негіз болары сөзсіз.

Қорыта келгенде, Мамышева Мөлдір Ерланқызының «Абай облысы микротопонимдерінің лингвомәдени жүйесі» (Аксуат, Аягөз, Үржар аудандары жер-су атаулары негізінде) атты диссертациясы философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу алуша лайыкты деп есептеймін.

Симбаева Салима, ф.г.к.,
MAQSUT NARIKBAYEV
UNIVERSITY (KAZGUU)
ЖГМ Teaching Professor-ы



Simbaev